

Өнімдерді және тауарларды саны мен сапасы бойынша қабылдау тәртібі туралы Нұсқаулықты бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 1994 жылғы 9 қараша N 1240. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 27 шілдедегі N 781 қаулысымен

Өнімдерді және тауарларды тиеу, сақтау және қабылдау тәртібін ретке келтіру, жеткізу мен тасымалдау кезінде олардың сақталуын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Өнімдерді және тауарларды саны мен сапасы бойынша қабылдау тәртібі туралы осыған қосылған Нұсқаулық бекітілсін және ол 1995 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1994 жылғы 9 қарашадағы
N 1240 қаулысымен

бекітілген

**Өнімдерді және тауарларды саны мен сапасы
бойынша қабылдау тәртібі туралы**

НҰСҚАУЛЫҚ

I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы Нұсқаулық материалдық құндылықтарды сақтау және сапа туралы қазіргі нормативтік актілердің, көліктік және өзге де заңдардың талаптары ескеріле отырып әзірленеді және стандарттармен, техникалық шарттармен яки өзге де міндеттілік ережелермен немесе шартпен өнімдер мен тауарларды х/ саны мен сапасы бойынша қабылдаудың өзгеше тәртібі белгіленбеген жағдайда қолданылады.

х/ Бұдан былай, әдетте, "тауарлар" делінеді.

Осы Нұсқаулықтың ережелері қайтарылған ыдысты қабылдаған кезде де міндетті түрде қолданылады.

Импорттық тауарлар импорттық тауарларды саны мен сапасы бойынша қабылдау, рекламациялық актілерді құрастыру мен жолдаудың тәртібі мен

мерзімі туралы Нұсқаулыққа сәйкес қабылданады.

2. Жеткізу /тиеу/ кезінде тауарларды сақтау және оларды алушылардың дер кезінде әрі дұрыс қабылдауы үшін жағдай туғызу мақсатында жөнелтуші / бірлестік және оның өндірістік бірлігі, кәсіпорын және басқа шаруашылық жүргізуші субъектілер/ хх мыналарды:

хх/ Бұдан былай, әдетте, "кәсіпорындар" делінеді.

а/ тауарларды орау мен буып-түюдің кейбір жерлерін таңбалау мен пломбылаудың белгіленген ережелерін сақтауды;

б/ тиелген тауарлардың /жәшіктердің, бумалардың, байламдардың, будалардың және т.б. салмағы мен орын саны/ санын дәл анықтауды;

в/ оралған немесе буып-түйілген жерлерінде тауарларды тиеген кезде әрбір ыдыс тұрған орынға стандарттармен, техникалық шарттармен, өзге де міндетті ережелермен немесе шартпен көзделген сол ыдыс тұрған орындағы тауарлардың атауы мен мөлшері жайында куәландыратын құжаттың /орама белгісін, бумалық картасын және т.б./ салынуын;

г/ белгіленген стандарттар, техникалық шарттар, сызбалар, рецептуралар, үлгілер /эталондар/ талаптарына сапасы мен жиынтығы бойынша сәйкес келетін тауарларды тиеуді /тапсыруды/ қамтамасыз етуге міндетті.

Сапасы жөнінде белгіленген тәртіппен тексеруден өтпеген тауарлар, сондай-ақ тауарлардың сапасына бақылау жасайтын және оған уәкілдігі бар басқа да органдар тиелуіне тыйым салынған тауарлар жіберілмеуге тиіс;

д/ жіберілетін тауарлардың сапасы мен жиынтығын куәлендіретін құжаттарын /техникалық паспортын, сертификатын және т.б./ тиеу және есеп айырысу құжаттарын анық әрі дұрыс ресімдеуді, оларды көрсетілген тауарлардың саны, сапасы мен жиынтығы жайындағы деректер тиелген нақтылы тауарлардың санына, сапасы мен жиынтығына сәйкес келуін, сондай-ақ осы құжаттарды алушыларға белгіленген тәртіппен уақытылы жіберілуін;

е/ егер шартта өзгеше көзделмеген болса, тауарлар сапасы мен жиынтығын растайтын құжаттарды тауарлармен бірге жіберілуін қамтамасыз етуге міндетті. Стандарттармен, техникалық шарттармен, тараптар үшін міндетті басқа да ережелермен және шартпен көзделген жағдайда дайындаушы /жіберуші/ оралған немесе буып-түйілген тауарларды тиеген /тапсырған/ кезде әрбір ыдыс орнына сондағы тауардың атауы мен сапасы жайлы куәландыратын құжатты салуға м і н д е т т і ;

ж/ жүкті тасымалдауға тапсырудың, оларды тиеудің, бекіту мен сақтаудың көлікте қолданылатын ережелерін, сондай-ақ стандарттармен және техникалық шарттармен белгіленген тиеудің арнайы ережелерін сақтауды;

з/ тиелген тауарлардың санын анықтаумен олардың тиеу мен есеп айырысу құжаттарын ресімдеумен шұғылданатын адамдардың жұмысына жүйелі түрде

бақылау жасауын қамтамасыз етуге міндетті.

3. Қабылдаушы кәсіпорын көлік органдарынан жүкті қабылдаған кезде көлікте қолданылатын жүк тасымалдау ережелеріне сәйкес тасымалдау барысында жүктің сақталуы қалай қамтамасыз етілгендігін тексеруге, атап айтқанда :

а/ сол ережелерде көзделген жағдайда көлік құралдарына /вагонда, цистернада, баржада, автофургонда, жүзгінің орын-жайында, т.б./ немесе контейнерлерде жіберушінің немесе жіберген мекен-жайдың /станцияның, айлақтың, тоқыманың/ пломбылары бары-жоғын, пломбылардың және олардағы белгілердің дұрыстығын, вагондардың, өзге де көліктік құралдардың немесе контейнердің жай-күйін, жүктің қорғаныш таңбасының бар-жоғын, сондай-ақ ыдыстың бүтіндігін тексеруге;

б/ жүктің атауы мен көлік таңбасының көлік құжатында көрсетілген деректерге сәйкестігін тексеруге және көлікте қолданылатын ережелерде осындай міндет барлық жағдайда оларға жүктелген болса, көлік органдарынан жүкті орын саны немесе салмағы бойынша берілуін талап етуге;

в/ жүкті бүлінуден және бұзылудан сақтауды қамтамасыз ететін /жүкті орналастыру, температура режимі, мұзбен жабдықтау және т.б./ белгіленген тасымалдау ережелерінің сақталу-сақталмауын, жеткізілу мерзімін тексеруге, сондай-ақ жүкті қарап шығуға міндетті.

Жүктің орын саны, салмағы мен жайы-күйі тексерусіз беріле қалған жағдайда оны қабылдап алушы жүктің берілуін ресімдеудің ережелерінде белгіленген тәртіппен көлік органдарынан көлік құжатына тиісті белгі қоюын талап етуге міндетті.

4. Көлік органдарынан жүкті қабылдау кезінде жүктің бүлінуі немесе бұзылуы, жүктің атауы мен салмағы немесе орын саны көлік құжатындағы деректерге сәйкес келмейтіндігі анықталған жағдайда, сондай-ақ мұның өзі көлікте қолданылатын ережелерде көзделген жағдайдың бәрінде де қабылдап алушы көлік органдарынан коммерциялық акт жасауды /тауар - көлік қағазына белгі соғуды немесе жүк автомобильмен әкелінсе акт жасауды/ талап етуге міндетті.

Көлік органдары жоғарыда аталған актілерді жасаудан негізсіз бас тартқан жағдайда, қабылдап алушы көлікте қолданылатын ережелерге сәйкес бұл бас тарту жайында шағым беруге және тауарларды осы Нұсқаулықта көзделген тәртіппен қабылдап алуға міндетті.

5. Қабылдап алушы кәсіпорын тауарларды саны мен сапасы бойынша стандарттарға, техникалық шарттарға, осы Нұсқаулыққа, өзге де міндетті ережелер мен шарттарға сәйкес қабылдап алуды қамтамасыз етуге міндетті.

II. ТАУАРЛАРДЫ ҚАБЫЛДАУ ОРНЫ МЕН МЕРЗІМІ

6. Ыдыссыз, ашық ыдысымен әкелінетін тауарларды қабылдау, сондай-ақ жалпы салмағы мен орындарының саны бойынша ыдысымен әкелінетін тауарларды қабылдау:

а/ тауар жеткізуші әкелген кезде - қабылдап алушының қоймасында;

б/ алушы тауарларды әкеткен кезде - жіберушінің қоймасында;

в/ теміржол, әуе, су немесе автомобиль көлігі органдары тауарларды әкеліп берген кезде-пломбасы ашылған жерде немесе пломбасы жоқ көлік құралдары мен контейнерлерден жүкті түсірген жерде немесе көлік органының қоймасында жүргізіледі.

Жіберуші тауарларды алушының қоймасына ыдысымен жеткізген кезде, қабылдап алушы жалпы салмағы мен орын санын тексеруден басқа, ыдыстың ашылуын әрі таза салмағы мен әр орындағы жеке тауар санын, сондай-ақ тауарлардың сапасы мен жиынтығын тексеруді талап ете алады.

7. Бұзылмаған ыдысымен түскен тауарлардың таза салмағы мен әр орындағы жеке тауардың саны, сапасы мен жиынтығы бойынша қабылданылуы әдетте, түпкілікті алушының қоймасында жүргізіледі.

Тауарларды бастапқы жасаушылардың /жіберушілердің/ ыдысына немесе орауында қайта жіберіп отырған өткізуші, жабдықтаушы, дайындаушы ұйымдардың, көтерме-бөлшек сауда және басқа да кәсіпорындардың сатып алушы базалары тауарларды ішкі ыдыс орындарының саны бойынша, саны мен жиынтығы бойынша міндетті ережелер мен шартта көзделген жағдайда ғана, сондай-ақ жүктің нақтылы жалпы салмағы жолдамалық құжаттарда көрсетілген жалпы салмағына сәйкес келмегенде ғана қабылдауға тиіс.

Егер тауарлар бүлінген күйде, ашық немесе таңбасы жоқ ыдыста, пломбасы бұзылған немесе бұзылу белгілері бар /сыну, тесілу және т.б./ күйінде түссе, онда тауарларды таза салмағының шамасы, және әрбір жүк орнындағы тауардың бірлігі, сапасы мен жиынтығы бойынша қабылдауды тауар алушы осы Нұсқаулықтың 6-тармағында көрсетілген тәртіппен, яғни тауардың жалпы салмағы мен орын саны бойынша қабылданатын жерде жүзеге асырады.

Кәсіпорындар қайта жіберуге жататын тауарларды олардың сапасы мен жиынтығының сақталуы қамтамасыз етілетін жағдайда сақтауға міндетті.

8. Ыдысымен жеткізілген тауарларды қабылдаудың осы Нұсқаулықта белгіленген тәртібі, сондай-ақ бандероль немесе орамның бүтіндігін немесе пломбасын бұзбай байламнан /бумадан/ алу мүмкін болмаған жағдайда бандерольденген немесе пломбаланған байламдарды /бумаларды/ қабылдау кезінде де қолданылады.

9. Тауарларды қабылдау мынадай мерзімде:

9.1. Саны бойынша:

а/ ыдыссыз ашық және бүлінген ыдыста түскен тауарларды тауарды

жіберушіден не көлік органының қоймасынан алу кезінде немесе көлік құралдары мен контейнерлердің пломбаланғандарын ашу және пломбаланбағандардың жүгін түсіру кезінде, бірақ жүк түсіруді аяқтау мерзімінен кешіктірмей;

б/ жалпы салмағы мен орын саны бойынша бүлінбеген ыдыста түскен тауарларды - осы тармақтың "а" тармақшасында көрсетілген мерзім ішінде таза салмағы мен әр орындағы жеке тауар бірлігінің саны бойынша - ыдысты ашумен бір мезгілде, бірақ 5 күннен кешіктірілмей, ал тез бұзылатын тауарлар бойынша - тауарды алған кезден немесе алушы тауарды жіберуші қоймасынан алған кезден 24 сағаттан кешіктірмей және қалған барлық жағдайда - көлік органдары жүкті берген кезден бастап жүргізіледі.

9.2. Сапасы мен жиынтығы бойынша:

а/ тауарларды өзге қаладан және бір қала ішінен жеткізу кезінде 10 күннен кешіктірмей, ал тез бұзылатын тауарларды - көлік органы тауарларды бергеннен кейін немесе олар жіберуші тауар жеткізген кезде алушы қоймасына түскенде немесе тауар алушы әкеткен кезде, егер шартта өзгеше көзделмесе, 24 сағаттан кешіктірілмей;

б/ ыдысымен түскен тауарлардың сапасы мен жиынтығын тексеру, егер жеткізілетін тауарлардың ерекшеліктеріне байланысты шартта өзге мерзімдер көзделмеген болса, жоғарыда көрсетілген мерзімнен кешіктірмей, ыдысты ашқан кезде жүргізіледі;

в/ сыртқы қорғанышымен түскен пайдаланылуына немесе сақталуына кепілдік мерзімі бар машиналар, жабдықтар, приборлар мен басқа да өнімдер сапасы мен жиынтығы бойынша жүк ашылған кезде, бірақ белгіленген кепілдік мерзімінен кешіктірілмей тексеріледі.

10. Сауда ұйымдары өздері осы Нұсқаулықтың 9.2.-тармағында көрсетілген мерзімде тауар сапасын тексеру жасағанына қарамастан,

өндірістік ақауларды, егер ондайлары тауарларды бөлшек саудаға әзірлеу кезінде немесе тауарды алғаннан кейін үш ай мерзім ішінде бөлшек сауда кезінде табылса, оларды актілеуге құқы бар.

11. Тауарлардың жасырылған жетіспеушілігі туралы акт, егер тараптар үшін міндетті ережелермен немесе шартпен өзге мерзім белгіленбесе, жетіспеушілік айқындалысымен 5 күн ішінде, бірақ алушы қоймасына келіп түскен тауардың жасырылған жетіспеушілігі айқындалған күннен бастап үш айдан кешіктірілмей жасалуы тиіс. Тауарлардың жасырылған жетіспеушілігі оларды екі немесе бірнеше кәсіпорын дәйекті түрде өңдеу барысында айқындалған жағдайда тауарды алған кәсіпорын жетіспеушілікті айқындаған күннен бастап үш айдан кешіктірмей жасырылған жетіспеушілігі туралы акт жасауға тиіс.

Пайдалану немесе сақтау мерзіміне кепілдігі бар тауарлардың жетіспеушілігі

анықталысымен 5 күн ішінде, бірақ белгіленген кепілдік мерзімі шегінде, жетіспеушілік туралы акт жасалуы керек.

Егер акт жасауға қатысу үшін жасаушының /жіберушінің/ өкілі шақырылса, онда аталған 5 күн мерзімінде, оның келуіне қажетті уақыты қосылады.

Кепілдік мерзімі бөлшек сауда кезінен бастап есептелетін тауарлардың жасырылған жетіспеушілігі туралы акт, сондай-ақ тауарды алу уақытына қарамастан, сатуға дейінгі сақталу кезінде жасалуы мүмкін.

Сол тауар түрі үшін әдеттегі тексеріс кезінде байқалмайтын, тек өңдеу, құрастыруға дайындау, құрастыру, сынау, пайдалану, және тауарды сақтау кезінде ғана анықталатын жетіспеушіліктерде жасырынды болып танылады.

12. Тауарларды сапасы бойынша қабылдаумен бір мезгілде тауарлардың жиынтығы, сондай-ақ ыдысының, орауының, таңбалануының стандарттар, техникалық шарттар талаптарына, басқа да екі жаққа міндетті ережелерге немесе шартқа, сызбаларға, үлгілерге /эталондарға/ сәйкестігі тексеріледі.

13. Егер тауардың санын, сапасы мен жиынтығын тексеру белгіленген мерзімде аяқталса, қабылдау уақытылы өткізілген болып саналады.

III. ТАУАРЛАРДЫ САНЫ, САПАСЫ МЕН ЖИЫНТЫҒЫ БОЙЫНША ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ

14. Тауарларды саны, сапасы мен жиынтығы бойынша қабылдауды алушы кәсіпорынның басшысы немесе оның орынбасары уәкілдік берген құрамы кемінде үш құзырлы адамнан тұратын комиссия жүргізеді. Материалдық жауапты адамнан басқа, комиссияның өзге мүшелері сол материалдық жауапты адамға бағынышты болмауы, материалдық құндылықтармен /есебін алумен, сақтаумен, қабылдаумен және оларды жіберумен/ байланысты болмауға тиіс.

тауарларды қабылдау үшін тараптар шартта комиссияның өзге құрамын б е л г і л е у і м ү м к і н .

Тауарларды қабылдау жөніндегі комиссияға жіберуші /жасаушы/ оны тапсыруға уәкілдік берген адамдар: жолсерік, жүкті келісімен тапсыру үшін шыққан адам және т.б. қатыса алады.

Қабылдау комиссиясының мүшелері тауарларды қабылдау ережелерінің қатаң сақталуы үшін жауап береді.

А л у ш ы к ә с і п о р ы н :

а/ тауарлардың сақталуын, жетіспеушілігін, ұрлануын, бүлінуін, сондай-ақ ұқсас тауарлармен араласып кетуін болдырмауды қамтамасыз ету үшін тауарлардың дұрыс және уақтылы қабылдануына жағдай туғызуға;

б/ түскен тауарлардың мөлшерін /салмағын, орын санын: жәшік, қап, бума, байлам, буда, қорап және т.б./ дәл анықтауды қамтамасыз етуге;

в/ тауарлардың сапасын анықтайтын сынау мен өлшеу құралдарының жарамдылығын, сондай-ақ оларды белгіленген тәртіппен уақтылы тексерілуін

қ а д а ғ а л а у ғ а ;

г/ тауарлардың саны, сапасы мен жиынтығы бойынша қабылдайтын адамдардың жұмысына жүйелі түрде бақылау жасауға және тауарларды қабылдау ережелерін бұзудан сақтандыруға міндетті.

15. Тауарлардың саны, сапасы мен жиынтығы бойынша қабылдау стандарттарға, техникалық шарттарға, тараптар үшін міндетті өзге де ережелерге немесе шартқа сәйкес, сондай-ақ жеткізілетін тауардың санын, сапасы мен жиынтығын куәландыратын көліктік және жолдамалық құжаттар /есеп-фактура, сипаттамалар, хаттаулар, орау таңбалары, техникалық паспорт, сертификат және т.б./ бойынша жүргізіледі. Аталған жолдама құжаттардың немесе олардың кейбіреуінің жоқтығы тауарлардың қабылдануын тоқтата алмайды. Мұндай жағдайда түскен тауарлардың нақтылы саны, сапасы мен жиынтығы туралы акт жасалып, онда қандай құжаттардың жоқ екені көрсетіледі.

16. Тауарлар бір мезгілде бірнеше вагон, контейнер немесе автофургон сапымен келіп түсіп, олардың құны бір есеп айырысу құжаты бойынша төленетін жағдайда, егер тараптар үшін міндетті ережелермен немесе шартпен ішінара / таңдаумен/ тексеру мүмкіндігі көзделмеген болса, алушы барлық вагондағы, контейнердегі не автофургондағы түскен тауардың санын тексеруге міндетті. егер түр-түрінен жекелеген айқындамаларынан жіберуші құжаттарына кереғар тауар жетіспеушілігі анықтала қалса, алушы /сатып алушы/ барлық вагоннан, контейнерден немесе автофургоннан келіп түскен тауар санын осы айқындамалар бойынша актіде көрсетеді. Түр-түрлерінің жетіспеушілігі байқалмаған басқа айқындамалары жөнінде алынған мөлшердің көліктік және жолдамалық құжаттарға сәйкес келетіндігі көрсетіледі.

Қабылдау актісінде әр вагоннан, контейнерден немесе автофургоннан түскен тауардың саны көрсетілуге тиіс.

17. Келіп түскен тауар саны қабылдау кезінде жолдамалық құжаттарда көрсетілген өлшем бірлігімен айқындалуы қажет.

егер жіберуші осы құжаттарда тауарлардың салмағы мен орын санын көрсетсе, онда алушы тауарды қабылдаған кезде оның салмағы мен орын санын тексеруге тиісті.

18. Таза салмағын тексеру стандарттармен, техникалық шарттармен, өзге де міндетті ережелермен не шартпен белгіленген тәртіп бойынша жүргізіледі.

тауарды ыдыссыз өлшеуге мүмкіндік болмаған жағдайда таза салмағын анықтау тауарды алған кездегі жалпы салмағын және тауардан босағаннан кейінгі ыдыстың салмағын тексеру жолымен жүргізіледі. тексеру нәтижесі актімен ресімделеді. Ыдыстың салмағы туралы акт, егер шартта өзгеше мерзім белгіленбесе, ол босағаннан кейін 24 сағаттан кешіктірілмей, ал ылғалды тауардан босаған ыдыстың салмағы тауардан босасымен дереу жасалуы тиіс.

Ыдыс салмағын тексеру нәтижесі туралы актіде тауардың жалпы салмағынан ыдыс салмағын алу арқылы анықталған таза салмағы да көрсетіледі.

Нақтылы жалпы салмағы мен ыдыстың салмағы тексерілмейінше, таза салмақты жолдама және тауар құжаттарында көрсетілген деректер бойынша ыдыс салмағын жалпы салмағынан шығарып тастау жолымен анықтауға болмайды. Басқа жағдайларда ыдыс салмағын тексеру таза салмақты тексерумен бір мезгілде жүргізіледі.

19. Егер қабылдау кезінде тауарлардың саны бойынша жетіспеушілік жөнінде тауарды қабылдап алған адамдардың қолымен қабылдау актісін жасауға және сол қаладағы жіберушінің /жасаушының/ өкілін, ал шартта көзделген болса, басқа қаладағы өкілді шақыруға міндетті.

Тауарларды қабылдау кезінде жалпы салмағының кейбір жерлерінің ауырлығы көліктік немесе жолдамалық құжаттарда немесе трафаретте көрсетілген ауырлығына сәйкес келмесе, алушы ыдыс пен орамды ашпауға тиіс, сондай-ақ, егер жалпы салмағы дұрыс болғанда, тауарлардың жетіспеушілігі таза салмағын немесе кейбір жерлеріндегі тауар бірлігінің санын тексеру кезінде анықталса, алушы қалған жерлерін тексеруді тоқтатып, сол жерлердің ішіндегі ашылған ыдыс пен орамды және тауарды әрі қарай қабылдау үшін шақырылған өкіл келгенше /Нұсқаулықтың 21-тармағы/ сақтап, көрсетуге, тауардың сақталуын қамтамасыз етуге, сондай-ақ оның ұқсас тауарлармен араласып кетуін болдырмау шараларын қолдануға міндетті. Тауар қабылдаудың, оны тоқтатқанға дейінгі, нәтижелері, тауар қабылдауды жүргізген адамдар жасаған актіде көрсетіледі.

20. Келіп түскен тауарлардың сапасы, жиынтығы, таңбалары, ыдысы мен орауы стандарттар, техникалық шарттар, сызбалар, үлгілер /эталондар/, талаптарына, шартқа, не таңбалауда және тауардың сапасын куәландыратын жолдамалық құжаттарда көрсетілген /Нұсқаулықтың 21-тармағы/ деректерге сәйкессіздігі айқындалған жағдайда алушы, тез бұзылатынынан басқа, тауарды одан әрі тексеруді тоқтатып, қарап шыққан тауарлардың саны мен қабылдау кезінде байқалған ақаулардың сипаты көрсетіп акт жасайды. Алушы сапасы төмен немесе жиынтықты емес тауарлардың сапасын нашарлатуды және басқа ұқсас тауарлармен араласып кетуін болдырмайтындай етіп сақтауды қамтамасыз етуге міндетті.

21. Тауарды саны немесе сапасы /жиынтығы/ бойынша қабылдауды тоқтатумен бір мезгілде алушы тауар қабылдауды жалғастыруға қатысу үшін және екі жақты акт жасауға жіберуші өкілін, ал айрықша орауда немесе жіберуші болып табылмайтын жасаушының бүлінбеген ыдысындағы тауарларды қабылдау кезінде-жасаушының өкілін шақыруға міндетті.

Тауарларды қабылдау жөніндегі комиссияға жіберушінің /жасаушының/

тауарларды тапсыруға жіберген уәкілді адамдары қатысса /Нұсқаулықтың 14-тармағы/ жіберушінің /жасаушының/ өкілін оған шақыру міндетті емес.

Осы Нұсқаулықтың 20,21,22-тармақтарында көзделген жіберушінің /жасаушының/ өкілі шақырылмаған жағдайда тауар үшін есеп айырысу жіберушінің жүк жөнелту құжаттары бойынша жасалады.

22. Тауар қабылдауды жалғастыру үшін жіберушінің /жасаушының/ өкілі шақырылса, басқа қалада тұратын жіберуші /жасаушы/ алушының шақыруы қолға тиген күннің ертеңінен кешіктірмей, тауарды саны, сапасы және жиынтығы бойынша тексеруге қатысу үшін өкілінің жіберілетінін не жіберілмейтінін жеделхатпен немесе телефонограммамен хабарлауға міндетті. Шақыруға белгіленген мерзімде жауап алынбаса, жіберуші /жасаушы/ өкілінің келуіне белгіленген мерзім бітпей-ақ алушыға тауарды қабылдау құқы беріледі.

Басқа қаладағы жіберушінің /жасаушының/ өкілі шақыруды алғаннан кейін, егер шартпен басқа мерзім белгіленбеген болса, жолға кеткен уақытты есептемегенде, үш күндік мерзімнен кешікпей жетуге міндетті.

Бір қаланың ішіндегі жіберушінің /жасаушының/ өкілі шақыруды алған күннің ертеңінен кешікпей, егер онда басқа мерзімі көрсетілмесе, ал тез бұзылатын тауар бойынша-шақыруды алғаннан кейін 4 сағат ішінде жетуге м і н д е т т і .

Жіберуші /жасаушы/ өкілінің алушының тауар қабылдауына қатысуына құқық беретін куәлігі болуы тиіс.

Жіберуші /жасаушы/ тауарларды қабылдайтын жерде орналасқан кәсіпорынның тауар қабылдауға қатысуына өкілдік бере алады.

Мұндай жағдайда өкілге куәлікті оны бөлген кәсіпорын береді. Куәлікте жіберуші /жасаушы/ сол кәсіпорынды тауар қабылдауға қатысуға уәкілдік ететін құжатқа сілтеме болуы керек.

Жіберуші /жасаушы/ сол кәсіпорынды тауар қабылдауға қатысуға уәкілдік ететін құжатқа сілтеме болуы керек.

Жіберуші /жасаушы/ өкілін шақыру туралы хабарлау жеделхатпен / телефонмен/ 24 сағаттан кешіктірілмей, ал тез бұзылатын тауарларға қатысты жетіспеушілігі немесе сапасыздығы анықталғаннан кейін, егер басқа мерзім шартпен белгіленбесе дереу жіберілуі /айтылуы/ тиіс.

Тауарлардың жетіспеушілігі бойынша жіберуші /жасаушы/ өкілін шақырту т у р а л ы х а б а р л а у д ы :

а/ егер шақырту кезіне дейін есеп айырысу қағазы алынбаса, тауарлардың атауы, күні мен есеп-фактураның нөмірі немесе көліктік құжаттың нөмірі;

б/ жеткіліксіз тауар саны мен жетіспейтін түрі /жекелеген орын саны, ыдыс ішіндегі жетіспеушілік, бүлінген ыдыстағы жетіспеушілік және т.б./;

в/ тауарларды саны бойынша қабылдаудың белгіленбеген уақыты көрсетілуге

т и і с .

тауарлардың сапасыздығы мен жиынтығы толық еместігі туралы жіберуші / жасаушы/ өкілін шақырту жайындағы хабарлауда:

а/ егер шақырту кезіне дейін есеп айырысу қағазы алынбаса, тауарлардың атауы, күні мен есеп-фактураның нөмірі немесе көліктік құжаттың нөмірі;

б/ тауарлардағы айқындалған негізгі жетіспеушіліктер;

в/ тауарларды саны немесе жиынтығы бойынша қабылдауға белгіленген уақыты /қабылдау үшін белгіленген мерзімі шегінде/;

г/ сапасы төмен тауарлар мен жинақталуы толық емес тауардың саны
к о р с е т і л у г е т и і с .

23. Жіберушінің /жасаушының/ өкілі шақырылған /Нұсқаулықтың 19,20,21-тармақтары/, бірақ ол келмеген жағдайда және басқа қаладағы жіберуші / жасаушы/ өкілінің келуі міндетті болмаса, тауарларды саны бойынша қабылдауды және жетіспеушілігі туралы актіні:

а/ шартта /келісімде/ көзделген адамдар құрамында болатын комиссия;

б/ жіберуші /жасаушы/ жөнелткен тауарларды қабылдап алуға қатысу өкілеттігі негізінде сол кәсіпорынның /ұйымның/ басшысы немесе оның орынбасары бөлген басқа кәсіпорынның /ұйымның/ өкілі қатысатын комиссия, ал мүлдем мүмкіндік болмаған жағдайда, қабылдауды бастаған алушы кәсіпорынның басшысы немесе оның орынбасары уәкілдік берген адамдар
ж а с а й д ы .

24. Алушының /сатып алушының/ шақыртуы бойынша жасаушының / жіберушінің/ өкілі белгіленген мерзімде келмеген жағдайда, өнімдер мен тауарлардың сапасын тексеруді:

а/ шартта /келісімде/ көзделген адамдар құрамында болатын комиссия;

б/ өнім сапасы жөнінде тексеруді - өнім сапасы жөніндегі тиісті салалық инспекциясы, ал тауарлар сапасы тексеруді - тауарлық сараптама бюросының
с а р а п ш ы с ы жү р г і з е д і .

Алушы /сатып алушы/ тұрған жерде сапа жөніндегі тиісті инспекция бюросы болмағанда, сондай-ақ олар өз өкілін жіберуден бас тартқан немесе алушының / сатып алушының/ шақыртуына келмеген жағдайда, тексеру басқа кәсіпорынның /ұйымның/ басшысы немесе оның орынбасары жіберуші /жасаушы/ жөнелткен тауарларды қабылдауға қатысуға өкілеттік негізіндегі сол кәсіпорынның құзырлы өкілінің қатысуымен жүргізіледі.

ондай мүмкіндік болмаған жағдайда, қабылдауды бастаған алушы кәсіпорынның басшысы немесе оның орынбасары уәкілдік берген адамдар тауарлар сапасы мен жиынтығы бойынша одан әрі қабылдайды.

25. Тауарларды қабылдауға қатыстыру үшін қабылдауға жататын тауарлардың санын, сапасы мен жиынтығын айқындау мәселелеріне жетік

адамдар /жұмыс жағдайы, білімі, еңбек ету тәжірибесі бойынша/ тартылуға тиіс.

Тауарларды қабылдау комиссиясына кәсіпорындардың басшылары мен олардың орынбасарлары /олар материалдық жағынан жауапты адамдар болмаған жағдайда да/, материалдық құндылықтарды есептеуге, сақтауға, босату мен қабылдауға қатысы бар адамдар, сол кәсіпорындардың заң қызметінің қызметкерлері, міншілдер кіре алмайды.

26. Алушы кәсіпорынның басшысы немесе оның орынбасары уәкілдік берген адамдардан тұратын комиссияның бір құрамы тауарларды қабылдауға айына екі реттен артық қатыса алмайды.

27. Тауарларды қабылдауға қатысатын алушы кәсіпорын адамдарының өкілеттігі сол кәсіпорын басшысының немесе оның орынбасарының бұйрығымен ресімделеді. Тауарларды қабылдауға құқық беретін бұйрықта:

а/ тауарларды қабылдауға қатысуға уәкілдік берілген адамдардың тегі, аты-жөні, лауазымы, бұйрық берілген күні мен оның нөмірі;

б/ олар нақты қандай тауарларды қабылдауға қатысуға уәкілдік алғаны көрсетілуі керек.

Бұйрық нақтылы тауарлар тобын қабылдауға қатысу құқына шығарылады. Бұйрықты қандай да бір мерзімде /онкүндікке, айға және т.б./ шығаруға рұқсат етілмейді.

Демалыс немесе мереке күндері тауарларды қабылдау үшін бұйрық нақты тауарлар тобын көрсетпей-ақ демалысқа немесе мерекеге бір күн қалғанда шығарылуы мүмкін, Бұйрық басшысының қолымен мөрімен расталуы тиіс.

Осы Нұсқаулықтың ережелері бұзыла отырып шығарылған бұйрық жарамсыз болып табылады.

Тауарларды қабылдауға қатысуға құқық беретін басқа кәсіпорындар өкілдеріне берілетін куәліктер де осы талаптарға сай келуі тиіс.

28. Тауарлар қабылдауға қатысуға тартылатын алушы кәсіпорын адамдары осы Нұсқаулықпен таныстырылуы керек. Олар осы Нұсқаулықтың талаптарын сақтауға және тауарлардың жетіспеушілігінің, сапасыздығы мен жиынтықсыз болу себептерін, пайда болған жерін анықтауға қолдан келетін шаралардың бәрін қолдануға міндетті.

29. Тауарларды саны, сапасы және жиынтығы бойынша қабылдайтын адамдар өздерінің қатысуымен анықталған фактілерге ғана өз қолдарын қойып, куә болуға қақылы. Қабылдауға қатысушылардың тікелей анықталмаған деректерді актіге жазуына рұқсат етілмейді. Шындыққа сәйкес келмейтін деректері бар тауарлардың саны, сапасы және жиынтығы бойынша қабылдау туралы актіге қолын қойғаны үшін тауарларды қабылдауға қатысқан адамдар заң жүзінде жауап береді.

Тауарларды қабылдауға қатысу үшін бөлінген басқа кәсіпорын өкілі

тауарларды қабылдауға қатысқаны үшін алушы кәсіпорыннан сыйақы алуға құқы жоқ. Төлем тек жіберуші /жасаушы/ тарапынан уағдаластық бойынша өкілінің кәсіпорны арқылы ғана жасалуы мүмкін.

30. Тауарларды қабылдау, әдетте, үзіліссіз жүргізілуге тиіс. Тексерудің ұзақтығынан немесе қандай да бір себептерден қабылдау жұмыстарында үзіліс бола қалса, алушы тауарлардың сақталуын және оны қабылдауды тез арада аяқтауды қамтамасыз етуге міндетті.

Тауарларды қабылдау кезіндегі үзіліс туралы, үзіліс кезіндегі тауарлардың сақталу жағдайы мен оның себебі туралы осы Нұсқаулықтың 34-тармағына сәйкес актіге жазылады. Актіде нақты сақталу жағдайын көрсетпей, "үзіліс кезінде тауардың сақталуы қамтамасыз етіледі" деп жалпылама сипатта жазуға жол берілмейді.

IV. ТАУАР САНЫН, САПАСЫН ІРІКТЕП /ІШІНАРА/ТЕКСЕРУ. ТАУАРДЫҢ САНЫН, САПАСЫН АНЫҚТАУ ҮШІН ҮЛГІЛЕРІ

31. Егер бұл стандарттармен, техникалық шарттармен, өзге де міндетті ережелермен немесе шартпен көзделген болса, тауар санын, сапасын іріктеп /ішінара/ тексеріп, тауардың бір бөлігін тексеру нәтижесін бүкіл топқа қолдануға р ұ қ с а т е т і л е д і .

32. Стандарттармен, техникалық шарттармен, басқа да міндетті ережелермен немесе шартпен тауарлар сапасын анықтау үшін үлгілерді /сынамаларды/ таңдап алу көзделген жағдайда, тауарларды сапасы бойынша қабылдауға қатысатын адамдар сол тауарлардың үлгілерін /сынамаларын/ таңдап алуға міндетті.

Үлгілерді /сынамаларды/ таңдап алу жоғарыда көрсетілген нормативтік актілерге өте-мөте сәйкес жүргізіледі. Таңдап алынған үлгілерге /сынамаларға/ мөр басылады не пломбыланады және таңдап алуға қатысушы адамдардың қолы қойылған этикеткалармен жабдықталады.

33. Үлгілерді /сынамаларды/ таңдап алу туралы акт жасалады, оған қатысушы адамдардың бәрі қол қояды. Актіде:

а/ акті жасалған уақыты мен орны, тауарларды алушының аты, үлгілерді /сынамаларды/ таңдап алуға қатысқан адамдардың тегі мен лауазымы;

б/ тауарлар келіп түскен жасаушының /жіберушінің/ атауы;

в/ тауарлар келіп түскен есеп-фактура мен көлік қағазының нөмірі мен күні және олардың алушы қоймасына түскен күні, ал тауарларды жеткізуші келгенде және жеткізу қоймасынан босатылған кезде тіркеме қағаздың немесе тауарды өткізген есеп-фактураның нөмірі мен күні;

г/ тауардың орын саны мен салық мөлшері, сондай-ақ үлгілері /сынамалары/ таңдап алынған орындардың саны мен нөмірлері;

д/ стандарттарда, техникалық шарттарда, басқа да міндетті ережелер мен шартта көзделген тәртіппен үлгілердің /сынамалардың/ таңдап алынғандығын

көрсету /олардың нөмірі мен күніне сілтеме жасау/;

г/ таңдап алынған үлгілер /сынамалар/ стандарттарда немесе техникалық шарттарда көзделген деректермен жабдықталғандығы;

ж/ үлгілер /сынамалар/ кімнің мөрімен немесе пломбасымен, /пломба таңбасымен/ пломбаланғаны немесе мөрленгені;

з/ тауарлардың немесе өнімдердің сапасы қолданылып жүрген нормативті-техникалық құжат талаптарына сәйкестігін куәландыратын құжаттың н ө м і р і м е н к ү н і ;

и/ үлгілерді таңдап алуға қатысушы адамдар үлгілерге /сынамаларға/ неғұрлым толық сипаттама беру үшін, актіге енгізілуі қажет деп тапса, басқа да деректер көрсетілуі тиіс.

34. Таңдап алынған үлгілердің /сынамалардың/ бірі алушыда қалып, екіншісі тауарларды жасаушыға /жіберушіге/ жіберіледі. Стандарттарда, техникалық шарттарда, басқа да міндетті ережелер мен шартта көзделген барлық жағдайда, талдауға немесе лабораторияда немесе ғылыми-зерттеу институттарында сынауға тапсыру үшін қосымша үлгілер /сынамалар/ таңдап алынады.

Үлгілерді /сынамаларды/ талдауға немесе сынаққа тапсырылғаны жайында үлгілерді таңдау актісіне тиісті белгілер қойылады. Тауардың /сапасы сараптау арқылы расталына алатын тез бұзылатынынан басқасы/ таңдап алынған үлгілері /сынамалары/ тауарлардың сапасы туралы дау шешілгенге дейін, ал сапасыз тауарлардың шығарылуы жайындағы материалдар прокуратура мен сот органдарына берілген жағдайда осы орындарды іс шешілгенге дейін ашылуда / жасаушыда/ сақталуы тиіс.

V. ҚАБЫЛДАУ АКТІЛЕРІН РЕСІМДЕУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ МАЗМҰНЫ

35. Егер тауарларды қабылдау кезінде көліктік және жолдамалық құжаттарда /есеп-фактурада, сипаттамада, хаттауда, орау қағаздарында және т.б./ көрсетілген деректерге кереғар тауар жетіспеушілігі айқындалса, онда тауарларды саны бойынша қабылдау нәтижесі актімен ресімделеді. Акт тауар жетіспеушілігі айқындалған сол күні жасалуға тиіс.

Тауар жетіспеушілігі туралы актіде:

а/ актіні жасаған алушының аты мен оның мекен-жайы;

б/ актінің жасалған күні мен нөмірі, тауарлар қабылдаған және акті жасалған жері, тауарды қабылдауды бастаған және аяқтаған уақыты;

тауар қабылдауға белгіленген мерзімнен ауытқыған жағдайда уақытында қабылданбаудың себебі, кешігудің басталуы мен аяқталу уақыты;

в/ тауарларды саны бойынша қабылдауға және акті жасауға қатысушы адамдардың тегі, аты-жөні, олардың жұмыс орны, атқаратын қызметі, құжаттың берілген күні мен нөмірі, тауарларды қабылдауға қатысуға акті жасаған

адамдардың өкілеттілігі, сондай-ақ осы адамдардың тауарларды саны бойынша қабылдау ережелерімен таныстырылғаны көрсетілуге тиіс;

г/ жіберуші /жасаушы/ мен жеткізушінің атауы мен мекен-жайы;

д/ жіберушінің /жасаушының/ өкілін шақырту туралы телефонограмманың немесе жедел-хаттың берілген күні мен нөмірі;

е/ есеп-фактура мен көліктік тіркеме қағаздың /коносаменттің/ күні мен н ө м і р і ;

ж/ тауарлардың жөнелту станциясынан /тоқтамадан, айлақтан/ немесе жіберуші қоймасынан жөнелтілген күні мен нөмірі;

з/ тауарлардың белгіленген станцияға /тоқтамаға, айлаққа/ келген күні, көлік органының жүкті берген уақыты, вагонды, контейнерді, автофургонды және басқа да пломбаланған көлік құралдарын ашқан уақыты алушы қоймасына тауарлардың жеткізілген уақыты;

и/ егер ондай акт тауарларды көлік органынан алған кезде жасалған болса, коммерциялық актінің /автомобиль көлігі органы берген актінің/ нөмірі мен күні;

к/ қабылдауға дейін алушы қоймасында тауарлардың сақталу жағдайы, таразылардың және басқа өлшеу аспаптарының /жүк көтергіштігі, таңба салынған, сынақтан өткен күні және т.б./ қалпы туралы мәліметтер;

л/ тауарды байқап көру кезіндегі ыдыс пен ораудың жайы, ыдыстың сыртқы таңбалану тұрқы, солардың негізінде жіберушіні не жасаушының орауында ұсынылып отырғанын аңғартуға болатын басқа да деректер, ыдыстың ашылған к ү н і ;

м/ тауарды іріктеп тексеру кезінде - іріктеп тексеру негізін көрсете отырып, тауарларды таңдап алу тәртібі /стандарт, техникалық талап, шарт/;

н/ тауар кімнің таразысымен немесе пломбасымен /жіберушінің немесе көлік органының/ тиелгені, көлік жүйесіндегі қолданылып жүрген ережелерге сәйкес пломбалардың жарамдылығы мен таңбалардың мазмұны жетіспеушілік айқындалған әр орынның нақтылы және ыдыстағы /ораудағы/ трафарет бойынша с а л м а ғ ы ;

о/ орындардың /құжаттар бойынша және нақтылы/ көлік және жіберуші таңбасы, жеке орындарда орау белгілерінің, пломбалардың бар болуы немесе ж о қ т ы ғ ы ;

п/ жетіспейтін тауар саны қандай тәсілмен анықталғаны /таразыға тартумен, орын есебімен, өлшеумен т.б./, жетіспейтін тауар мен ыдыс орны вагонда, контейнерге және т.б. сия алатын ба еді;

р/ жетіспеушілікті растау үшін қабылдауға қатысушы адамдардың пікірі бойынша басқа деректерді актіде көрсетудің қажеттігі;

с/ жетіспейтін тауардың дәл саны және егер қабылдау кезінде бағасы белгілі

болса, оның құны;

т/ жетіспеушіліктің себептері мен мәлім болған орыны туралы қорытынды көрсетіледі.

Егер тауарларды қабылдау кезінде жетіспеушілік қана емес, сонымен қатар жіберушінің /жасаушының/ көліктік және жолдамалық құжаттарында жоқ артық заттар табылса, онда актіде осы артық заттар туралы дәл деректер көрсетілуі тиіс әрі алушы бұл жайында жіберушіге /жасаушыға/ дереу хабарлауға міндетті.

36. Тауар жетіспеушілігі белгіленген қабылдау актісіне:

а/ жолдамалық құжаттардың көшірмесі немесе салыстыру ведомості, яғни нақты қолда бар тауарларды жіберушінің /жасаушының/ құжаттарында көрсетілген деректермен салыстыру ведомості;

б/ әрбір ыдыс орнына салынған орау таңбалары /байлам картасы және т.б./;

в/ егер ондай тексеру жүргізілген болса, жүк салмағының тексерілгендігі туралы белгіленген станцияның /тоқтаманың, айлықтың/ түбіртегі;

г/ көлік органынан коммерциялық акті жоқ болса, жетіспеушілік табылған вагоннан /контейнерден, автофургоннан, басқа көлік құралдарынан/, ыдыс орындарынан алынған пломбалары;

д/ түпнұсқалық көлік құжаты /тіркеме қағаз, коносамент/, ал сол құжатқа байланысты алушы көлік органына наразылық білдірген жағдайда - оның көшірмесі;

е/ тауар қабылдаған адамдардың өкілеттігін куәландыратын құжаттар /бұйрық, куәлік, сенімхат/;

ж/ осы Нұсқаулықтың 20-тармағына сәйкес жасалған акт;

з/ егер тауарлардың мөлшері таразылау немесе өлшеу жолымен анықталса, таразылау мен өлшеу деректері бар құжаттар;

и/ жетіспеушіліктің болу себептерін куәландыратын басқа да құжаттар /ылғалдыққа бейім тауарлардың ылғалдылығына талдау жасау, мұзбен жабдықтау жайындағы мәлімет, коммерциялық актілер және т.б./;

к/ тез бұзылатын тауарларды қабылдау актісіне - вагондарды беру мен әкету ведомосі, жалпы пайдаланымдағы орындарда жүк алушылардың құралдарымен жүкті түсіру кезінде қабылдау-тапсыру жаднамасы қоса тіркелуі тиіс.

37. Осы Нұсқаулықтың 23,24-тармақтарында көрсетілген өкілдердің қатысуымен тауарларды сапасы мен жиынтығы бойынша қабылдау нәтижесі жөнінде алынған тауарлардың нақты сапасы мен жиынтығы туралы акт жасалады.

акт тауарларды сапасы мен жиынтығы бойынша қабылдау аяқталған күні жасалуы тиіс.

Бұл актіде:

а/ тауар алушының атауы мен оның мекен-жайы;

б/ актінің жасалған күні мен нөмірі, тауарлар қабылдаған жері, тауарларды қабылдауды бастаған және аяқтаған уақыты, осы Нұсқаулықтың 23-тармағында көрсетілген өкілдердің қатысуымен тауарлар белгіленген мерзімі бұзылып қабылданған жағдайда, актіде қабылдауды кідірту себептері, оның басталған және аяқталған уақыты көрсетілуге тиіс;

в/ тауарларды сапасы бойынша қабылдауға және акт жасауға қатысқан адамдардың тегі, аты-жөні, олардың жұмыс орны, атқаратын қызметі, тауарларды сапасы мен жиынтығы бойынша тексеруге қатысатын өкілдің өкілеттігі туралы құжаттың берілген күні мен нөмірі, сондай-ақ бұл адамдардың тауарларды сапасы бойынша қабылдау ережелерімен таныстырылғандығы туралы мәлімдеу;

г/ жасаушының, жіберушінің аты мен мекен-жайы;

д/ жасаушының /жіберушінің/ өкілін шақырту туралы телефонограмманың немесе жеделхаттың берілген күні мен нөмірі немесе жасаушыны /жіберушіні/ шақырту міндетті ережелермен немесе шартпен көзделмегені туралы белгі;

е/ тауарларды жеткізу туралы шарттың, есеп-фактураның, көліктік тіркеме қағаздың /коносаменттің/ және тауардың сапасын куәландыратын құжаттың нөмірі мен берілген күні;

ж/ тауарлардың белгіленген станцияға /тоқтамаға, айлаққа/ келген күні, көлік органының жүкті берген уақыты, вагонды, контейнерді, автофургонды және басқа пломбаланған көлік құралдарын ашқан уақыты, алушы қоймасына тауарлардың жеткізілген уақыты;

з/ егер көлік органынан тауарды алған кезде ондай акт жасалған болса, коммерциялық актінің /автомобиль көлігі органы берген актінің/ нөмірі мен берілген күні;

и/ тауарларды байқап көру кезіндегі ыдыс пен ораудың жайы, ыдыстың сыртқы таңбасының түрқы және тауарларды жіберушінің не немесе жасаушының ба орауында жіберіліп отырғанын аңғаруға болатын басқа да деректер, ыдыс пен ораудың ашылған күні, таңбалаудан, ыдыс пен ораудың кемшіліктері, сондай-ақ айқындалған кемшіліктердің әрбірінің қатысы бар тауарлардың саны;

л/ тауарларды іріктеп тексеру кезінде - іріктеп тексеруге негізді көрсете отырып /стандарт, техникалық талап, басқа да міндетті ережелермен шарт/, іріктеп тексеру үшін тауарларды сұрыптау тәртібі;

м/ тауар кімнің, жіберушінің немесе көлік органының пломбасымен тиелгені және алынғаны, пломбалардың, олардағы таңбалардың дұрыстығы орындарды көліктік және жөнелтулік таңбалау /құжаттар бойынша және нақтылы/, жекелеген орындарда орау таңбалары мен пломбалардың бары-жоғы;

н/ байқап көруге ұсынылған және жасаушының өзінде немесе сол жерде, соның ішінде жеке бөлшектерін ауыстыру жолымен жөндеуге жататын жарамсыз

деп табылған тауарларды айқындап отырып, нақтылы тексерілген тауарлардың, сондай-ақ олардың сапасын куәландыратын құжатта көрсетілген сортына сәйкес келмейтін тауарлардың саны /салмағы/, толық атауы және санамасы. Айқындалған кемшіліктерді егжей-тегжейлі баяндау және олардың сипаты;

о/ стандартқа, техникалық шарттарға, басқа да міндетті ережелерге сілтеме жасалып, тауардың неғұрлым төмендегі сортқа көшірілуіне негіздемелер;

п/ жинақталмаған тауар саны, жетіспейтін бөлшектер, тораптар мен бөліктер тізбесі және олардың құны;

р/ стандарттың, техникалық шарттардың, сызбалардың, үлгілердің /эталондардың/ нөмірі, тауарлардың сапасына тексеру жүргізген шарттың нөмірі мен жасалған күні;

с/ егер тауарда ондай нөмір көрсетілсе, тауарды жасаушы кәсіпорындағы өнім сапасын тексерушісінің нөмірі;

т/ үлгілердің /сынамалардың/ таңдап алынғандығы және олардың қайда жіберілгендігі;

у/ қабылдауға қатысушы адамдардың пікірі бойынша тауарлардың сапасыздығын немесе жиынтықсыздығын растау үшін актіде көрсетілуге тиісті басқа да деректер;

ф/ тауарларда табылған ақаулардың сипаты және олардың пайда болу себептері туралы қорытынды көрсетілуге тиіс.

38. Тауарлардың сапасы мен жиынтығы бойынша қабылдау актісіне:

а/ тауарлардың сапасы мен жиынтығын куәландыратын жасаушы /жіберуші/ құжаттары;

б/ тауарлардың сапасыздығы мен жиынтықсыздығы айқындалған ыдыс орындарынан алынған орау таңбалары;

в/ көлік құжаты /тіркеме қағаз, коносамент/;

г/ тауарлардың сапасы мен жиынтығы бойынша қабылдауға қатысатын адамдардың өкілеттігін куәландыратын құжат /бұйрық, наряд, куәлік, сенімхат/;

д/ осы Нұсқаулықтың 20-тармағына сәйкес жасалған акт;

е/ үлгілерді /сынамаларды/ таңдап алу актісі және таңдап алынған үлгілерді /сынамаларды/ талдау /сынау/ нәтижесінің қорытындысы;

ж/ тауарлардың бұзылуы /сапасының нашарлауы/ немесе олардың жиынтықсыздығы себептері жайында куәландыратын басқа да құжаттар /коммерциялық актілер, тез бұзылатын жүктер үшін - мұзбен жабдықтау туралы мәліметтер, температуралық режим, сондай-ақ вагондардың берілуі мен әкетілу ведомостісі, жалпы пайдаланылымдағы орындарда жүк алушылар құралдарымен жүкті түсіру кезіндегі қабылдау-тапсыру жаднамасы және т.б./ қоса берілуі тиіс.

39. Тауарлардың саны, сапасы мен жиынтығы жөніндегі қабылдау актілеріне қабылдауға қатысқан барлық адамдардың қолдары қойылуы керек. Актінің

мазмұнымен келіспеген адам келіспейтіндігі жайында өз пікірін білдіре отырып, актіге қолын қоюға міндетті.

Қабылдауға қатысушы адамдар қол қояр алдында шындыққа сәйкес келмейтін деректері бар актіге қол қойғаны үшін жауапкершілігі туралы актіде сілтеме болуға тиіс.

40. Саны бойынша қабылдау актілері мен осы Нұсқаулықтың 23,24-тармақтарының "а" және "б"-тармақшаларында көрсетілген өкілдердің қатысуымен жасалған тауар сапасыздығы немесе жиынтықсыздығын айқындаушы актіні сол жасалған күннің ертеңінен кешіктірмей, алушы кәсіпорынның басшысы немесе оның орынбасары бекітеді.

Қабылдау демалыс немесе мереке күні жасалған жағдайда, қабылдау актісі демалыс немесе мереке күнінен кейінгі бірінші жұмыс күні бекітілуге тиіс.

Тауарлық сараптау бюросы немесе өнімдер сапасы жөніндегі инспекция жасалған актілер инспекциялар және тауарлық сараптау бюросы туралы тиісті ережелерге сәйкес белгіленген тәртіппен бекітіледі.

Тауарларды қабылдау актісі кемінде үш данадан жасалады. Актінің мазмұны анық болуы ол жеңіл оқылуға тиіс.

41. Тауарлардағы жасырылған жетіспеушіліктер туралы акт осы Нұсқаулықтар, басқа да міндетті ережелер мен шартта көзделген тәртіппен жасалады.

42. Тұтынушы дүкеннен сатып алынғаннан кейін сапасыздығына көзі жеткен тауарлар жөнінде алушы /сатып алушы/ осы Нұсқаулықтың 37-ші тармағында көрсетілген актінің орнына жасаушыға /жіберушіге/:

а/ тұтынушының тауарларды ауыстыру жайындағы өтінішін және тауарлардың, оларды жасаушының, жіберушінің /жеткізушінің/ атауын, тауарлардың бағасын, кемшіліктердің сипаты мен оның пайда болу себебін, тауарларды сату, ауыстыру, жөндеу немесе олардың құнын қайтару уақтысы көрсетілген дүкен қорытындысын;

б/ бөлшек сауда жүйесінен сатып алынған өнеркәсіп тауарларын ауыстыру Ережелерінде көзделген, тауарлардың сапасы төмен екенін растайтын құжаттар;

в/ тұтынушының тауарды ауыстырғаны немесе оның құнын алғаны туралы қолхат ұсынуы керек.

43. Жасаушы /жіберуші/ немесе алушы /сатып алушы/ оған негіз болған жағдайда сапа жөніндегі инспекцияның, тауарларды сараптау бюросының немесе ғылыми-зерттеу институтының /лабораториясының/ қорытындысы жөнінде жоғары тұрған ұйымға қарсылық білдіруіне қақылы. осы арыздың көшірмесі екінші жаққа жіберіледі. Егер тиісті жоғары ұйым жасаушының /жіберушінің/ немесе алушының /сатып алушының/ дәлелдері негізді деп тапса, онда тез бұзылатын тауарлардан басқасына, белгіленген тәртіппен қайтадан сараптама

ж а с а у б е л г і л е н е д і .

Тауарларды қайтадан сараптама жасау, сондай-ақ соттың немесе тергеу органдарының тапсыруымен де жүргізілуі мүмкін.

44. Жасаушы /жіберуші, жеткізуші/ алушы /сатып алушы/ жарамсыз деп тауып қайтарған тауарлардың сапасын шартта көзделген тәртіппен, сондай-ақ осы Нұсқаулықта алушы /сатып алушы/ үшін белгіленген тәртіппен қайта т е к с е р у г е қ а қ ы л ы .

45. Тауарлардың саны: сапасы және жиынтығы бойынша қабылдау актілері алушы кәсіпорында белгіленген тәртіппен тіркеліп, сақталады.

46. Алушы /сатып алушы/ төмендеу сортқа түсірілген тауарларды қабылдаған жағдайда қабылдау нәтижесі туралы актіге сәйкес бұл тауарлар жасаушы /жіберуші/ есебінен қайта таңбаланады. Шартта қайта таңбалауды кімнің: жасаушының /жіберушінің/ немесе алушының /сатып алушының/ жүргізетіні қарастырылуға тиіс.

VI. ТАУАРЛАРДЫҢ ЖЕТІСПЕУШІЛІГІ, САПАСЫЗДЫҒЫ МЕН ЖИЫНТЫҚСЫЗДЫҒЫ ТУРАЛЫ ДАУЛАРДЫ ШЕШУДІҢ ШАҒЫМДЫҚ ТӘРТІБІ

47. Тауарлардың саны бойынша жетіспеушілікке байланысты шағымды және сапасы, жиынтығы, ыдысы, оралуы мен таңбалануы жөнінде стандарттарға, техникалық шарттарға, сызбаларға, рецептураларға, үлгілерге /эталондарға/ сәйкес келмейтін тауарлардың жеткізілуінен туындайтын шағымды алушы /сатып алушы/ жасаушыға /жіберушіге, жеткізушіге/ белгіленген мерзімде т ү с і р е д і .

Егер алушыға /сатып алушыға/ жасаушы немесе оның тұрған орны белгісіз болса, онда шағым екі данада жіберушіге /жеткізушіге/ жолданады, ол оны алғаннан кейін кешіктірмей, бір данасын жасаушыға жіберіп, бұл жайында алушыны /сатып алушыны/ хабардар етуге міндетті.

Шағымға, егер жіберушіде /жасаушыда, жеткізушіде/ олар жоқ болса, осы Нұсқаулықтың 36,38-тармақтарында көрсетілген қосымшаларымен бірге тауарлардың жетіспеушілігін немесе сапасыздығын, жиынтықсыздығын дәлелдейтін қабылдау актісі, сондай-ақ, егер шағым берілген кезде тауар сатылып кеткен болса, санитарлық қадағалау органдарының нұсқауы бойынша тез бұзылатын тауарлардың сатылуын растайтын құжаттар қоса тіркелуге тиіс.

Тауарлардың сапасы туралы шағымға санитарлық қадағалау органдарының нұсқауы бойынша тез бұзылатын тауарды жою туралы, өнімдерді металл сынықтары ретінде тапсырғаны туралы актілерде және өнімдерді олардың нақтылы сапасына сәйкес жергілікті жерде пайдаланылғаны туралы өзге де қ ұ ж а т т а р қ о с ы л а д ы .

48. Тауарлардың төмендеу сортқа көшірілуіне байланысты олардың

құнындағы /арзандату/ айырмасының орнын толтыру туралы шағым түскен жағдайда, алушы тауарлардың нақты алынған сорты мен кіріске алынғанын растайтын құжаттарды шағымға қосуға міндетті. Сауда ұйымдары, егер тауарлар әлі сатылмаса, тауарлар қай сортқа көшірілсе, сол бағамен сатылғаны туралы немесе қайта бағаланғаны туралы ұйым басшысының /немесе оның орынбасарының/ және бас бухгалтердің қолдары қойылған анықтаманы, сондай-ақ тауарлардың тиісті сортқа қайта таңбаланғандығы туралы лауазымды адамдардың қолы қойылған анықтаманы түсіруге міндетті.

49. Тауар жетіспеушілігі туралы шағым алынысымен жіберуші /жасаушы/ кәсіпорын басшысы немесе оның орынбасары шағым материалдары бойынша қызметтік тексеруді белгілейді. Тексеру материалдарын жіберуші /жасаушы/ кәсіпорынның басшысы немесе оның орынбасары қарап, бекітеді.

Қызметтік тексеру нәтижелері туралы жіберуші /жасаушы/ кәсіпорын алушы шағымына жауап бергенде хабарлайды.

Тексеру нәтижесі бойынша тауарларды бей-берекет ұстау және ұрлау фактілері анықталған жағдайда, жіберуші кәсіпорын басшысы ол туралы дереу Ішкіісмині органдарына немесе прокуратураға хабарлап, оларға тиісті құжаттарды жіберуге міндетті.

Қажет болған жағдайда кәсіпорын басшысы немесе оның орынбасары сапасыз немесе жинақталмаған тауар шығаруға кінәлі адамдарды заң жүзімен жауапқа тарту үшін материалдарды прокуратураға жібереді.

50. Шағымды қарау нәтижесі туралы жіберуші /жасаушы, жеткізуші/ оны алған күннен бастап, белгіленген мерзімде алушыға хабарлайды.

Шағымды қанағаттандырудан бас тартқан жағдайда, алушыға шағымға қосылған құжаттар қайтарылады.

51. Егер жетіспеушілік тауарды қайтарып жіберген сатып алушының кінәсінен болмаса, сатып алушы тауардың бастапқы жіберуші-жасаушы ыдысын немесе орауын ашпай жіберсе, соңғысы тауар жетіспеушілігі үшін жауапкершіліктен құтыла алмайды.

Бастапқы жіберуші /жасаушы/ тауарларды ыдысын ашпай тиеп жіберген сатып алушы шағымды қанағаттандырудан бас тартқан жағдайда, бас тарту себептерінен басқа, сол тауарларды алған күнін және жіберуші /жасаушы/ шотының жіберілген күні мен нөмірін хабарлауға міндетті.

52. Егер қолданылып жүрген заңдар бойынша жүктің жетіспеушілігі, сапасы төмендігі немесе оның бұзылғаны үшін көлік органдарына жауапкершілік артуға негіз болса, алушы тиісті көлік органына белгіленген тәртіппен шағым жасауға міндетті.

